

«Нархоз университеті» КЕАҚ  
Академиялық Кеңесінің  
2022 ж. «22» қарашадағы  
шешімі бойынша (№9 хаттама)

**«БЕКІТІЛГЕН»**

Өзгерістер мен толықтырулар  
«Нархоз университеті» КЕАҚ  
Академиялық Кеңесінің  
2022ж. «04» қарашадағы  
шешімі (№4 хаттама)

**«НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ-НЫҢ  
САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

Алматы қаласы,  
2022 жыл

## Мазмұны

Құжаттың паспорты .....	3
Келісу парағы .....	4
1-тарау. Жалпы ережелер .....	5
2-тарау. Қолданылу саласы .....	5
3-тарау. Белгілеулер, қысқартулар мен анықтамалар.....	5
4-тарау. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құзіреті .....	6
5-тарау. Комиссияның құрамы және оны қалыптастыру тәртібі .....	8
6-тарау. Комиссия жұмысының регламенті .....	8
7-тарау. Жауапкершілік және ерекше талаптар .....	8
8-тарау. Қорытынды ережелер .....	9

## Құжаттың паспорты

<b>Құжаттың атауы:</b>	«Нархоз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Мектептері мен «Докторантура» ҒББД-нің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялары туралы ереже
<b>Қысқаша сипаттамасы:</b>	Ереже Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялардың қызметі туралы ақпаратты қамтиды.
<b>Тақырыбы:</b>	Сапаны қамтамасыз ету, басқару, ПОҚ
<b>Статусы:</b>	Шектеусіз
<b>Бекіту уақыты:</b>	
<b>Аудит уақыты:</b>	22.11.2022 ж.
<b>Аудитке жауапты тарап:</b>	Аккредиттеу бөлімінің бастығы

Келісу парағы

М.а. Провост, Академиялық жұмыс  
жөніндегі вице-провост



С.Ы. Өмірзақов

Ғылым жөніндегі вице-  
провост



А.С. Шенин

Әкімшілік Департаментінің директоры



Л. Бисенғали

## 1. Жалпы ережелер

1.1 «Нархоз университеті» КЕАҚ-ның Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялары туралы ереже (әрі қарай – «Ереже») «Нархоз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (әрі қарай – «Университет») Мектептері мен «Докторантура» ғылыми-білім беру департаментінің (әрі қарай – ГББД) Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияларының (әрі қарай – «Комиссия») статусы, мақсаты, міндеттері мен функцияларын, сонымен қатар оларды қалыптастыру және олардың Университеттің құрылымдық бөлімшелерімен өзара әрекеттесу тәртібін анықтайды.

1.2 Комиссиялар Университеттің Сапаны қамтамасыз ету саласындағы стратегиясын іске асыру мақсатында құрылған Мектептер мен «Докторантура» ГББД-ның сапаны қамтамасыз ету саласындағы алқалы, сараптамалық-кеңесші органдары болып саналады.

1.3 Комиссия өз қызметін Академиялық Кеңестің 19.10.2021ж. шешімі бойынша бекітілген Академиялық сапа жөніндегі комитет туралы ереже базасында жүзеге асырады.

1.4 Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 27.07.2007ж. №319-III Заңы, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік құжаттары, Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде Жоғары білімнің сапасын қамтамасыз етуге арналған нұсқаулықтар мен стандарттар (ESG 2015), Университеттің Жарғысы, Университет Президентінің бұйрықтары, Университет Академиялық Кеңесінің шешімдері мен осы Ережені басшылыққа алады.

## 2. Қолданылу саласы

2.1 «Нархоз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының «Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялары туралы» ережесі (әрі қарай – «Ереже») білім беру сапасын қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің компоненті, яғни құрамдас бөлігі ретінде оқыту, білім беру және зерттеудің сапасын қамтамасыз ету бойынша Мектептер мен «Докторантура» ГББД комиссиялары қызметінің тәртібін айқындайды.

2.2 Осы Ереже Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінің орындауы үшін міндетті болып саналады.

## 3. Белгілеулер, қысқартулар мен анықтамалар

3.1. *Осы Ережеде келесідей белгілеулер мен қысқартулар қолданылады:*

**АК** – «Нархоз университеті» КЕАҚ-ның Академиялық Кеңесі;

**ААЖ** – автоматтандырылған ақпараттық жүйе;

**ӘБП** – Университеттің әкімшілік-басқарушылық персоналы;  
**ҚР МЖМБС** – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары;  
**ҚР БҒДМБ** – Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы;  
**Квалификациялық (біліктілік) сипаттамалар** – профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарының квалификациялық (біліктілік) сипаттамалары;  
**КЕАҚ** – Коммерциялық емес акционерлік қоғам;  
**ҒББД** – ғылыми-білім беру департаменті;  
**БББ** – білім беру бағдарламасы;  
**ҰБШ** – Ұлттық біліктілік шеңбері;  
**ПОҚ** – профессор-оқытушылар құрамы;  
**ОКП** – оқу-көмекшілік персонал;  
**Университет** – «Нархоз университеті» КЕАҚ.

3.2. *Осы Ережеде келесідей анықтамалар қолданылады:*

**Оқыту сапасының мониторингі** – оқытушының педагогикалық қызметінің нәтижелері мен оның жетістіктерінің Білім және ғылым саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптары, Университет қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары мен Университет ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігін қадағалау үдерісі.

#### **4. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құзіреті**

4.1. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия қызметінің мақсаты – Университеттің 2020-2025 жылдарға арналған стратегиясы мен «Нархоз университеті» КЕАҚ-2030 Орнықты даму стратегиясын жүзеге асыру үшін Мектептер мен «Докторантура» ҒББД қызметіне қажетті ішкі сапа жүйесін әзірлеу және оны енгізу.

4.2. Комиссия оқыту және білім беру сапасына мониторинг жүргізеді, мониторинг барысында алынған ақпаратты талдау мен талқылауды жүзеге асырады, академиялық сапаны жетілдіру мақсатында ұсыныстар әзірлейді және Университеттің сапаны қамтамасыз ету бойынша нормативтік құжаттары мен шешімдері талаптарының сақталуын бақылауды іске асырады.

4.3. Комиссия білім беру бағдарламаларының мазмұны мен жүзеге асырылу шарттары, әрі Мектептер мен «Докторантура» ҒББД-ның бағалау саясаты және басқа да академиялық мәселелері, оның ішінде академиялық адалдық принциптерін бұзу фактілері бойынша шешімдер қабылдайды.

4.4. Академиялық Кеңес жанындағы Академиялық сапа жөніндегі комитет Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялардың жұмысын үйлестіреді және Комиссиялар қызметінің бағыттары бойынша мониторинг ісін жүзеге асырады.

4.5. *Комиссияның негізгі міндеттері (функциялары):*

4.5.1. «Нархоз университеті» КЕАҚ профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарын және ПОҚ-ның біліктілігін арттыру бағыттарын грейдирлеу туралы» ережеге сәйкес Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген шекте және тәртіп бойынша грейдирлеу мәселелерін қарастыру;

4.5.2. Университеттің Академиялық саясатымен үйлестірілген Мектептің Академиялық саясаты мен БББ-ын дамыту жоспарларын жаңғырту бойынша ұсынымдарды талқылау және ұсыну;

4.5.3. Білім беру бағдарламалары мен пәндерді басқару үдерісі бойынша ұсыныстар беру (білім беру бағдарламасын дамыту, халықаралық үрдістерді ескеру; БББ мазмұнына өзгерістер мен толықтырулар енгізу; БББ-ын құру немесе жою, яки тарату; практикамен байланысты күшейту үшін индустриямен әріптестік қатынастарды дамыту (бітіруші бағдарламалар үшін); академиялық орта мен практиканың сыртқы сарапшыларын тарту туралы шешімдер қабылдау);

4.5.4. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нақты параметрлерінің саясатын анықтау; прокторингке ие емтиханды өткізуге арналған пәндерді таңдау; БББ бойынша прокторларды бөлу және бекіту;

4.5.5. Оқыту сапасына мониторинг ұйымдастыру және оны жүргізу: силлабустардың премодерациясы мен постмодерациясы, силлабустар мен білім беру бағдарламасын дамыту жоспарында Академиялық саясаттың көрсетілуін бақылау; Canvas ақпараттық жүйесіндегі силлабустар мен өзге де оқу-әдістемелік материалдардың сапасын бағалау (<https://portal.narhoz.kz/index.php/site/Canvas>);

4.5.6. Білім алушылардың сабаққа қатысуы мен үлгерімін талдау; білім алушыларды ынталандыру жүйесі бойынша ұсыныстар әзірлеу; Академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілерін қарастыру;

4.5.7. Оқытушылар мен Комиссия мүшелерінің сабаққа өзара қатысуын тұрақты негізде ұйымдастыру; бағалау формаларын толтыру мониторингі («Пәнді басқару формасы», «Оқу сабағын бағалау формасы» және т.б.);

4.5.8. Білім алушылар, ПОҚ, түлектер мен жұмыс берушілер сауалнамаларының нәтижелері бойынша есептерді талдау және сауалнама қорытындылары бойынша кері байланыс ұсыну; Университет ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасы бойынша білім алушылардың өтініштерін қарастыру;

4.5.9. Білім алушылар мен ПОҚ-ның ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға жәрдемдесу (Ғылыми-зерттеу жұмысы бөлімімен бірлесе отырып);

4.5.10. Бірлескен (қос дипломдық) білім беру бағдарламалары мен әріптес жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық бағдарламаларын құру және дамыту жөнінде ұсыныстар беру (Халықаралық даму және әріптестік департаментімен бірлесе отырып);

4.5.11. Университет білім беру бағдарламаларының Каталогын әзірлеу

бойынша ұсыныстар беру;

4.5.12. «Атамекен» ҰКП мен басқа да ұлттық және шетелдік рейтингтік агенттіктердің жыл сайынғы рейтингтеріндегі БББ-ның рейтингтік позицияларын талдау;

4.5.13. Ұлттық пен халықаралық агенттіктерде институционалды және мамандандырылған (ре)аккредиттеу үдерісінен өту шеңберінде өзін-өзі бағалау жөніндегі есептерді, Сыртқы сараптау комиссияларының ұсыныстары мен пост-аккредиттеуден кейінгі мониторинг жөніндегі жұмыс Жоспарын талқылау;

4.5.14. Түлектер мен корпоративтік серіктестерді БББ-ын әзірлеу мен сараптауға, дәрістер оқу мен Мектептер және Университет алқалы органдарының жұмысына қатысуға тарту.

## **5. Комиссияның құрамы және оны қалыптастыру тәртібі**

5.1. Комиссия құрамына ПОҚ өкілдері мен білім алушылар кіреді, сонымен қатар ӘБП өкілдері, түлектер, жұмыс берушілер, корпоративтік сектор өкілдері, академиялық сала мен практиканың сыртқы сарапшыларының оған кіру мүмкіндігі бар. Комиссияның құрамы Мектеп пен «Докторантура» ҰББД-ның Жалпы жиналысында айқындалады және оны Мектептің Кеңесі бекітеді.

5.2. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия «Докторантура» ҰББД мен Мектеп Кеңесінің жанынан құрылады. Комиссия білім беру бағыттары бойынша жұмыс топтарына бөлінуі мүмкін.

5.3. Білім беру бағыттары бойынша жұмыс топтарының құрамына ПОҚ, оқытудың барлық деңгейлерінде білім алушылардың өкілі (-дері) мен өзге де академиялық жұмыскерлер кіреді.

## **6. Комиссия жұмысының регламенті**

6.1 Комиссияның төрағасы Мектеп пен «Докторантура» ҰББД-ның Кеңесінде ПОҚ өкілдері арасынан дауыс беру жолымен сайланады. Комиссия төрағасы Кеңес төрағасының алдында есеп береді.

6.2 Комиссияның хатшысын Төраға тағайындайды және ол Комиссияның құжаттамасын жүргізу ісіне жауап береді. Комиссия мәжілістерінің хаттамалары мәжіліс өткізілген күннен бастап үш жыл бойы сақталуы тиіс.

6.3 Комиссияның жұмысы Комиссия мәжілісінде қаралатын, Мектеп директоры және «Докторантура» ҰББД жетекшісімен келісілетін, әрі Мектептің Кеңесі бекітетін жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

6.4 Комиссия мәжілісін өткізу үшін Комиссия мүшелері санының кем дегенде үштен екісінің қатысуы кворум болып саналады.

## **7. Жауапкершілік және ерекше талаптар**

7.1. Комиссия төрағасы Комиссияның жұмыс жоспарын бекіту мен орындауға, Комиссияның есептерін Аккредиттеу және сапаны қамтамасыз ету бөліміне дер кезінде ұсынуға жауапты болады.



7.2. Мониторинг жүргізу мен сапаны қамтамасыз етуді ұйымдастыратын және жүзеге асыратын Комиссия мүшелері, жұмыс топтарының мүшелері, құрылымдық бөлімшелердің басшылары келесілерге жауапты болады:

7.2.1. алға қойылған міндеттерді орындау;

7.2.2. дербес және/немесе агрегирленген деректерді өңдеу бойынша ақпаратты жарияламау;

7.2.3. мониторинг үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде ақпараттық жүйелердің дерекқорларын толтыру арқылы, дер кезінде және дұрыс ұсыну;

7.2.4. Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес мониторинг жүргізу мен сапаны қамтамасыз ету тәртібін сақтау;

7.2.5. барлық құжаттаманы сақтау.

7.3. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия Этикалық мінез-құлық кодексі, Академиялық саясат, Академиялық адалдық қағидалары, Университеттің плагиатты анықтау және оның алдын алу жөніндегі регламенті мен Университеттің өз қызметі шеңберіндегі басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алуы тиіс.

## 8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы Ереже, Ережеге өзгертулер мен толықтырулар Университет Академиялық Кеңесінің шешімі бойынша енгізіледі.


8.2. Ереже оны Университеттің Академиялық Кеңесі бекіткен күннен бастап өз күшіне енеді.

8.3. Ғылыми Кеңес 26.06.2020ж. бекіткен (№11 хаттама) «Нархоз университеті» КЕАҚ-ның Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы туралы ереже осы Ереже бекітілген сәттен бастап қолданылуын тоқтатады.

8.4. Егер Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің өзгеруі нәтижесінде осы Ереженің жекелеген ережелері заңнама ережелеріне қайшы келсе, онда олар өз күшін жояды.

8.5. Осы Ереженің нормаларымен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және Университеттің ішкі құжаттарының ережелері бойынша реттеледі.

Әзірлеуші:



---

Н.Ж. Шаханова,

Аккредиттеу бөлімінің бастығы

Құжатты тексеру туралы белгі:



---

Г. Абызова

Іс жүргізу және мұрағат бөлімінің бастығы